



ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 23 (9333) Жұма, 7 маусым 2024 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

Айна ақпарат

СЕМЕЙДЕН АЛАКӨЛГЕ ПОЙЫЗ ЖҮРЕ БАСТАДЫ

Таяуда «Семей-Достық» бағытымен Алакөлге жолаушылар пойызы жолға шықты. Пойыз айдың так санды күндері жүреді. Бір уақытта 354 жолаушыны тасымалдай алады. Жол жүру уақыты 16 сағат 40 минут.

«Семей-Үржар» бағытындағы әуе рейстері аптасына 3 рет (маусым - тамыз айлары аралығында, аптасына 5 ретке дейін) қатынайды. Билет құны - 14 000 теңге.

Әуе қатынасын «Южное небо» әуекомпаниясы сыйымдылығы 50 адамға дейін АН-24 ұшағы арқылы жүзеге асырады.

Жаз мезгілінде облысымызда «Семей – Жалаңашкөл» бағытында әлеуметтік маңызға ие пойыз қатынайды. Арақашықтық – 731 шақырым. Күнара 7 вагоннан жөнелтілетін бұл бағыттағы жол жүру құны: плацкарт – 4 322 теңге, купе – 6 226 теңге.

«АБАУ АҚПАРАТ»



ДОСТЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН



Жарма ауданына жұмыс сапарымен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан Халқы Ассамблеясы Хатшылығының сектор меңгерушісі Қайрат Дүйсембайұлы Баймульдинов келді. Жұмыс тобы құрамында Абай облысының ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Назерке Мәулітқызы Аққожина, Абай облысы ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Мағжан Мағауияұлы Құрманов болды. Жұмыс сапарының басты мақсаты - Достық үйінің жұмысымен, қоғамдық институттар мүшелерімен танысу, әдістемелік көмек көрсету.

Іс-шара барысында қонақтар Достық үйінің қызметімен танысып, ауданымыздың этно-мәдени бірлестігімен, Аналар кеңесі, Ақсақалдар кеңесі мүшелерімен кездесті.

Пікір алмасу барысында түрлі ұлт пен ұлыстың алтын шаңырағына айналған Достық үйінде өткен басқосуда ұлттық бірлікті сақтау, бірегейлік қағидатын ұстану және қалыптасқан тату тірлікті жалғастыру секілді тақырыптар кеңінен қозғалып, жарасымды әңгіме өрбіді.

ҚР Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығының сектор меңгерушісі Қайрат Баймульдинов этно-мәдени бірлестіктерінің мүшелерімен пікір алмасып, сауалдарын назарға алды.

«Шабьт» шығармашылық орталығының жетекшісі, жергілікті ақын, ардагер ұстаз Жұмабақыт Рахметова ұлы Абайдың әжесі, Жарма өңірінің тумасы Зере әже туралы өлең шумақтарын оқып, Ассамблея мүшелеріне алғыс білдірді.

«Жарма ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі»

4 Маусым -Рәміздер күні

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ



Еліміздің айбынын асқақ ететін, республикамыздың дербестігі мен тәуелсіздігін алты алашқа паш ететін мемлекеттік рәміздер – Ту, Елтаңба және Гимні өткенін түгендеп, бүгін мен болашағына дәнекер құнды белгілердің бірі. 1992 жылы 4 маусымда Қазақстанның мемлекеттік рәміздері бекітілді. Сондықтан бұл күн ел тарихында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мәңгі есте сақталып, аталып өтеді. Осынау айтулы күнге орай Қалбатау ауылында 4 маусым –еліміз бойынша рәміздер күні аясында орталық алаңда аудан тұрғындарының қатысуымен салтанатты жиын өтті.

Салтанатты жиынға өңірдің мекеме-ұйым қызметкерлері, қоғамдық ұйым өкілдері мен Маяковский атындағы орта мектебінің "Жас ұлан" сарбаздар сыныбының оқушылары қатысты.

Елдіктің нышаны, ұлт мақтанышы –рәміздер күніне арналған салтанатты жиында аудан әкімінің орынбасары Райым Нұрғалиев құттықтауын білдіріп, айтулы мерекенің маңызы-

дылығына тоқталып өтті.

- Рәміздер — елдің мемлекеттілігін айқындайтын басты құндылықтардың бірі. Еліміз егемендігін алып, Тәуелсіздікке қол жеткізген тұста шекарамыз, астанамыз және елдің рәміздері айқындалды. Бұл ата-бабамыздың сан ғасырлар бойы жүргізген азаттық үшін күресінің жемісі.

Мережелі мерекеледе баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толайым табыстар тілеймін. Тәуелсіздігіміздің символы саналатын мемлекеттік рәміздеріміздің мәртебесі арта берсін! - деген тілегін жолдап, Мемлекеттік Рәміздерді құрметтеп, күтіп ұстап, насихаттау жұмыстарын белсенді жүргізген ұжымдарды Алғыс хатпен марапаттады.

Ал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлыбек Есполов құттықтауымен бөлісіп, елдің нышанның ерекшелігі туралы жастарға кең көлемде айта отырып, рәміздерге деген құрметтің зор екенін тілге тиек етті.

Салтанатты жиын соңы - Мемлекеттік Рәміздерімізді жастар мен жасөспірімдер арасында кеңінен насихаттауды мақсат еткен аудан жастарының вело шеруіне ұласты.

К.Шынбат.



БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ МЕРЕКЕСІ

1 маусым күні аудандық орталық алаңда Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесіне орай көлемі ауқымды шара ұйымдастырылды. Шараға Жарма ауданы әкімінің орынбасары Райым Нұрғалиев қатысып, бақытты бабалық шақтың қызыққа толы мерекесімен құттықтап, жарқын кадамдарына сәттілік тіледі.

Балалар күніне арналған мерекелік шара барысында ауданның барлық ауылдық округтерінен келген балалардың «Айналайын» және «Би әлемі» байқауларының қорытынды сайысы көпшілік назарына ұсынылды. Мың бұрала би билеп, әуелете ән салған кішкентай бүлдіршіндердің өнерін аудандық мәдениет үйінің мамандары сарапқа салды. Жеңімпаз балалар байқау соңында ұйымдастырушылар тарапынан ұсынылған сыйлықтармен марапатталды.



Балғын балалық шақтың думанға толы шарасына ертегі кейіпкерлері шақырылып, орталық алаңдағы кішкентай бүлдіршіндердің мерекесі қуанышқа ұласты. Ал аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қызметкерлері балалар кітаптарынан көрме ұйымдастырып, жас оқырмандарға руха-



ни азық –кітаптың тәрбиелік мәні туралы әңгімелерін баяндап берді.

«Өнер» мектебінің ұстаздары алаңға жиналған балалар арасында портрет, табиғат суреттерін салу, асфальтта түрлі түсті бормен сурет салғызып, мерекенің көркін қыздырды. Ал өңір кәсіпкерлері балалар мерекесіне орай алаңда жәрмеңке ұйымдастырды.

Балалар мерекесіне орай Шар қаласында да «Біз бақытты баламыз» тақырыбында шара өткізіліп, бүлдіршіндер өз өнерлерін ортаға салды. Әсем ән әуелеген мерекелік жиын барысында қала әкімі Эрдос Мурумбаев балаларды құттықтап, игі лебізін білдірді. Ал думанды жиын соңында мереке иелері- кішкентай балалақайларға қала кәсіпкерлері тәттілер үлестірді.

Осылайша әсем ән, түрлі ойындармен көмкерілген бүлдіршіндер мерекесі ауданның барлық ауыл қала, кент көлемінде жақсы тойланып, көрермендер көңілінен шықты.

Кәусар Арықханқызы.



ВЫПУСК В ШКОЛУ – В ДОБРЫЙ ЧАС



Традиционно в начале лета во всех дошкольных учреждениях страны проходят утренники, посвященные выпуску в школу. Выпускной в детском саду – это всегда первое подведение итогов и осознание достижений, прощание с беззаботностью и ожидание путешествия в интересный и другой школьный мир. Такое красочное мероприятие в стиле церемонии Оскара прошло в канун международного дня защиты детей у двадцати семи воспитанников группы «Балдырган» детского сада «Айголек». Кажется, только недавно родители привели сюда своих малышек, но уже вот оно – их прощание с уютным детским садом, ставшим для них на несколько лет вторым домом. Долгое время ребята совместно с мамами и папами, воспитателями и другими специалистами сада шли к заключительному утреннику – репетировали песенные и поэтические произведения, разучивали хореографические композиции, готовили нарядные костюмы.

Виновников торжества поздравили с выпуском заведующая детским садом А.Узбекова, почетные гости праздника – представители отдела образования, родительской общественности. В этот день маленькие

айголековцы, исполняя песни, танцуя народные и современные танцы, декламируя стихи, продемонстрировали свои полученные знания и навыки в различных заданиях, приготовленных для них их воспитателями Корлан Садыковой и Паридой Кошкельдиновой. Взрослые же – родители и педагоги поддерживали ребят теплыми аплодисментами, делая все, чтобы праздник получился незабываемым, они также участвовали в играх и конкурсах. Настоящей же изюминкой праздника стало вручение памятных статуэток, приготовленных каждому из выпускников за проявленные ими таланты и знания.

На утреннике звучали поздравления и пожелания, искренние слова благодарности сотрудникам дошкольного учреждения. Праздник получился душевным, наполненным любовью, заботой, тихой грустью от расставания и радостью вступления в новую жизнь.

*Уходят дети школьною дорогой,
Но остаётся в них частица нас!
От сада детского до школьного порога
Их провожаем в школу. В добрый час!*

Г. Смагулова.

ЗНАЯ О ВРЕДЕ КОРРУПЦИИ ДЛЯ ОБЩЕСТВА

На сегодняшний день коррупция продолжает оставаться актуальной проблемой общества. Известно, что коррупция существенно снижает конкурентоспособность государства, тормозит осуществление демократических преобразований в обществе, экономическое развитие, построение рыночной экономики замедляют процесс привлечения инвестиций и негативно влияют на политическую и общественные институты демократического государства, затмевают международный авторитет, будущее страны.

Одним из основных приоритетов антикоррупционной стратегии является формирование уровня антикоррупционной культуры. По Закону Республики Казахстан «О противодействии коррупции» формирование антикоррупционной культуры – это деятельность субъектов противодействия коррупции в пределах своей компетенции по сохранению

и укреплению системы ценностей, отражающих нетерпимость к коррупции в обществе. То есть антикоррупционная культура – это способность человека сознательно и гуманно, добросовестно противостоять коррупции. Также антикоррупционная культура личности включает в себя знания этого лица о вреде коррупции для безопасности и блага общества. В нашем современном обществе не должно быть места коррупции. Эффективно противостоять этому преступлению можно только путем объединения всех усилий общества и рассмотрения и применения всех способов его прекращения, чтобы эта болезнь не усугублялась. Поэтому борьба с коррупцией должна быть осознана как самоотверженность и гражданский долг всех граждан Казахстана.

А. Мукашева, руководитель отдела планирования и анализа Жарминского РУ СЭК.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Абай облысының құрылыс басқармасы" ММ «Абай облысы Жарма ауданы Кентарлау ауылында 100 орындық орта мектеп құрылысы» жұмыс жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің материалдары жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

14 маусым 2024 жылы бірыңғай экологиялық порталдың www.ecoportal.kz сайтына жария талқылаулар өткізіліп, ескертулер мен ұсыныстар қабылданады. Жобалық құжаттармен танысуға, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

Жобаға тапсырыс беруші – "Абай облысының құрылыс басқармасы" ММ, БСН: 220740016432, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Достоевский көшесі, 110 үй, тел: 87222354588. e-mail: usag.abay@mail.ru

Жобаны әзірлеуші - «Семстройпроект» ЖШС (ГС №001372 лицензиясы берілген күні 26.09.2000ж), Абай облысы, Семей қаласы, Шугаев көшесі, 4 үй, e-mail: semeyproekt@mail.ru тел: 8(747) 142-98-93.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ГУ «Управление строительства области Абай» объявляет о проведении общественных слушаний форме публичных обсуждений по материалам РООС к рабочему проекту: «Строительство средней школы на 100 мест в с. Кентарлау Жарминского района области Абай».

Публичные обсуждения состоятся с 14.06.2024г. на сайте Единый Экологический портал www.ecoportal.kz. Все замечания и предложения принимаются в эти дни на Единый Экологический портале. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор- ГУ «Управление строительства области Абай», БИН: 220740016432, область Абай, город Семей, ул. Достоевского, д. 110, тел: 87222354588. mail: usag.abay@mail.ru

Разработчик проектной документации-ТОО ПИИ «Семстройпроект», (лицензия ГС № 001372 от 26.09.2000г) Республика Казахстан, область Абай г.Семей ул.Шугаева,4. e-mail: semeyproekt@mail.ru, тел: 8(747) 142-98-93.

ТОПОЛИНЫЙ ПУХ, ЖАРА, ИЮНЬ

Возгорание сухостоя и тополиного пуха нередко влекут за собой более серьезные пожары. Поэтому сотрудники гражданской защиты Жарминского района призывают жителей и гостей района быть бдительными и соблюдать правила пожарной безопасности. В пожароопасный период большую угрозу несет цветение тополей. Спасатели предупреждают: тополиный пух легко воспламеняется, горит моментально, во всех направлениях, оставляя после себя черные следы. Горение тополиного пуха может привести к большому пожару и даже к человеческим жертвам. Наибольшей опасности возгорания подвержены деревянные строения. ОЧС Жарминского района напоминает о простых правилах пожарной безопасности: будьте осмотрительны в обращении с любыми источниками открытого огня; пресекайте игры подростков и детей, связанные с поджиганием пуха; жителям частного сектора стоит позаботиться об уборке придомовых территорий; - находясь на природе, не бросать горящие спички и окурки, не допускать игр детей со спичками, с огнем, не использовать на охоте пьжи из тлеющих материалов, не разводить костры и не сжигать мусор вблизи строений; разжигать костер только на очищенной до слоя грунта площадке. Покидая место привала, следует потушить костер водой или забросать землей до полного прекращения горения и тления в очаге, также не нужно оставлять стеклотару и разбитое стекло. Начинающийся пожар тушите водой, пучками веток лиственных деревьев длиной до 2-х метров или забросайте землей.

ОЧС Жарминского района.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Белогорское" ЖШС "Қазақстан Республикасының Абай облысындағы Шар ультрабазит белдеуі шегіндегі учаскелерде никель кендерін барлаудың 3 жылға арналған жоспарына" (29.10.2015 ж. №4708-ТПИ келісімшарты) жобасына ІІ санаттағы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Учаскенің географиялық координаттары: 49°32'13"с.е., 81°25'05"ш.б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 49°34'16.77"с.е., 81°24'7.97"ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар өтеді:

2024 жылғы 31 шілде сағат 12:00-де. Мекенжайы: Абай облысы, Жарма ауданы, Божығұр а.о., Салкынтөбе а., Алтынсарин к-сі, 10.

2024 жылғы 31 шілде сағат 16:00-де. Мекенжайы: Абай облысы, Жарма ауданы, Шалабай а.о., Шалабай а., Ж. Масалим к-сі, 13.

2024 жылғы 1 тамызда сағат 12:00-де. Мекенжайы: Абай облысы, Жарма ауданы, Бірлік а.о., Бірлік а., Әлжанов к-сі, 26.

2024 жылғы 1 тамызда сағат 16:00-де. Мекенжайы: Абай облысы, Жарма ауданы, Бірлік-шіл а.о., Сұлусары ауылы, Достық көшесі, 34.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі. ZOOM платформасында онлайн режимінде тыңдауларға қатысу үшін: <https://us04web.zoom.us/j/2324955975?pwd=QXBhZVNGUW9KM0JdVjYRytiWHZ2UT09&omn=78022500831>

Бастамашы: «Белогорское» ЖШС, заң.мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Алмалы ауданы, Төле би к-сі, 63. Тел.: +7 (7270) 331-77-07. БСН 160540026865.

Құжаттаманы әзірлеуші: «НПК Экоресурс» ЖШС, заң.мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 119, каб. 317, тел. 8(7142)504572. БСН 111240005489.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-те орналастырылған <https://ecoportal.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/press/news/1?lang=ru>, "Қоғамдық тыңдау" бөлімінде.

Көзделіп отырған қызмет туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі: 500293@bk.ru, 8(7142)504572.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжайлар бойынша қабылданады: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, тел. 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: prirodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Белогорское» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для объектов II категории к проекту «План разведки никелевых руд на участках в пределах Чарского ультрабазитового пояса в области Абай Республики Казахстан на 3 года» (Контракт №4708-ТПИ от 29.10.2015 г.).

Географические координаты участка: 49°32'13"с.ш., 81°25'05"в.д.

Географические координаты территории воздействия: 49°34'16.77"с.ш., 81°24'7.97"в.д.

Общественные слушания состоятся:

31 июля 2024 года в 12:00. По адресу: область Абай, Жарминский район, Божығұр с.о., с.Салкынтөбе, ул. Алтынсарина, 10.

31 июля 2024 года в 16:00. По адресу: область Абай, Жарминский район, Шалабаевский с.о., с.Шалабай, ул. Ж.Масалима, 13.

1 августа 2024 года в 12:00. По адресу: область Абай, Жарминский район, Бирликский с.о., с.Бирлик, ул. Алжанова, 26.

1 августа 2024 года в 16:00. По адресу: область Абай, Жарминский район, Бирликшильский с.о., с.Сулусары, ул. Достық, 34.

Регистрация участников вводится при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Для участия в слушаниях в режиме онлайн на платформе Zoom:

<https://us04web.zoom.us/j/2324955975?pwd=QXBhZVNGUW9KM0JdVjYRytiWHZ2UT09&omn=78022500831>

Инициатор: ТОО «Белогорское», юр.адрес: Республика Казахстан, 050000, город Алматы, Алмалинский район, ул. Төле би, д. 63. Тел.: +7 (7270) 331-77-07. БИН 160540026865.

Разработчик документации: ТОО «НПК Экоресурс», юр.адрес: Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, пр-т Ал-Фараби 119, каб. 317, тел. 8(7142)504572. БИН 111240005489.

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecoportal.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/press/news/1?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Электронный адрес и номер телефона по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомится с копией документов: 500293@bk.ru, 8(7142)504572.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются по адресам: г.Семей, ул.Турлыханова, 30, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», тел. 8 (7222) 35-44-32. Электронный адрес: prirodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru.